

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2023 жылғы 23 тамыздағы № 718 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1040 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы қаулыға 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17-1, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес ұйымдар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары;"

3-тармақтың 2) тармақшасында:

алтыншы бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Медицина және фармацевтика жұмыскерлерін қоспағанда, мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, еңбек мобильділігі орталықтары мен олардың филиалдарының басқарушы, негізгі персоналы жұмыскерлерінің ЛА (тарифтік мөлшерлемелері) ЛА-ның белгіленген мөлшеріне:"

сегізінші бөліктің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, еңбек мобильділігі орталықтары мен олардың филиалдарының басқарушы, негізгі персоналдарының жұмыскерлерін;"

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 17-1-қосымшамен толықтырылсын;

2) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 тамыздағы № 718 қаулысында:

1-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"алтыншы бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:";

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"сегізінші бөліктің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:";

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"

3)	Еңбек мобильділігі орталықтары мен олардың филиалдарының басшыларына, мамандарына және басқа да қызметшілеріне жұмыстың күрделілігі мен қауырттылығы үшін		ЛА-дан 50 %	
----	---	--	-------------	--

".

2. Осы қаулы:

1-тармақтың 1) тармақшасының үшінші, төртінші және оныншы абзацтары 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға;

1-тармақтың 1) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтары және 2) тармақшасы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады деп белгіленіп, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 24 қарашадағы
№ 1040 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1193 қаулысына
17-1-қосымша

"Қоғамдық келісім" коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар

Р/с №	Қосымша ақылардың атауы	Қосымша ақылардың түрлері	Қосымша ақылардың мөлшері	Ескертпе
1	2	3	4	5
1		Ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы		
1)	Негізгі персонал жұмыскерлеріне мемлекеттік этносаясат саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жұмысы, этносаралық қатынастар саласын зерделегені, олардың қазіргі жай-күйіне талдау жүргізгені, дамуын болжағаны және оларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар тұжырымдағаны үшін		ЛА-дан 50 %	
2)	Негізгі персонал жұмыскерлеріне х а л ы қ шығармашылығының, этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың сақталуын қамтамасыз ету, насихаттау, оларды осы заманғы тарихи ж ә н е әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеу бойынша халыққа қызмет көрсетуге байланысты жұмыс үшін; қоғамдық келісім, жалпыұлттық бірлік және этносаралық қатынастар		ЛА-дан 50 %	

	саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша конкурстар, фестивальдар, мәдени-ағартушылық жобалар, акциялар, семинар-тренингтер, форумдар және басқа да іс-шаралар өткізумен байланысты жұмыс үшін			
3)	Басқарушы персонал жұмыскерлеріне этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жұмыс үшін		ЛА-дан 50 %	